



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Ақтөбе қаласы

г.р.п.з. Ақтөбе

2025 жылғы «15» тамыз № 341

«Білім беру ұйымдарында (мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік) «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізу туралы» Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024 жылғы 6 тамыздағы №380 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 26.05.2025 жылғы №123 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізу туралы» Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024 жылғы 6 тамыздағы № 380 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

«Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын енгізу туралы»;

бұйрықтың 2.1., 2.2.-тармақтары жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған:

1) Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Білім беру ұйымдарындағы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы;

2) Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес облыстың білім беру ұйымдарында (мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік) «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жөніндегі өңірлік жұмыс жоспары бекітілсін.

2. Ақтөбе қаласының және аудандық білім бөлімдерінің басшылары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен облыстық интернаттардың директорлары:

2.1. 2025-2026 оқу жылынан бастап барлық мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен меншік нысандары (мемлекеттік/жеке меншік) мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан облыстың барлық мектепке

дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілсін.

2.2. Меншік нысанына (мемлекеттік/жеке меншік) қарамастан білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру арқылы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру қамтамасыз етілсін.

2.3. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі ұйымдардың педагогикалық кеңесінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы таныстырылсын.

2.4. Осы бұйрықтың №2 қосымшасы негізінде білім беру ұйымдарының 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары әзірленіп, бекітілсін.

2.5. Осы бұйрық барлық білім беру ұйымдарының назарына жеткізілсін.

3. Облыстық білім басқармасының қосымша білім беру және тәрбие жұмыстары бөлімі (А. Ізбасар), облыстық әдістемелік орталық директорының м.а. (Ж. Скакова):

3.1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының іске асырылуы бойынша әр тоқсан сайын мониторинг жүргізілсін.

3.2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде озық іс-тәжірибелер таратылсын.

3.3. Инстаграм әлеуметтік желісіндегі adal_azamat_aqtobe парақшасында өңірдің білім беру ұйымдарында бағдарламаның жүзеге асырылу барысы насихатталсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басқарма басшысының м.а.

Н. Бертлеуова



2025 жылғы 22 08
Ақтөбе қ.

№ 386

«__» 20__ года
г. Ақтөбе

**«Білім беру ұйымдарында (мектепке дейінгі, орта)
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын
енгізу туралы» Ақтөбе облысының білім басқармасының
2024 жылғы 6 тамыздағы №380 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-сі, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ – нің 15.08.2025 жылғы №341 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. ««Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізу туралы» Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024 жылғы 6 тамыздағы № 380 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ – нің бұйрығының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

«Білім беру ұйымдарында ««Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын енгізу туралы»;

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ – нің бұйрығының 2.1., 2.2.-тармақтары жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған:

1) «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ – нің бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Білім беру ұйымдарындағы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы;

2) «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ – нің бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес облыстың білім беру ұйымдарында (мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру ұйымдары) «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жөніндегі өңірлік жұмыс жоспары бекітілсін.

2. Білім беру ұйымдарының басшылары:

2.1. 2025-2026 оқу жылынан бастап барлық мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен меншік нысандары (мемлекеттік/жеке меншік) мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан қаланың барлық мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарына «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілсін.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ» ММ
«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«BILIM QAZYNA» КММ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКІМАТ АКТЮБІНСКОЙ ОБЛАСТІ
ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБІНСКОЙ ОБЛАСТІ»
ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АКТЮБЕ»
КГУ «BILIM QAZYNA»

030002, Ақтөбе қаласы, Қ.Сәтпаев көшесі, 16 Б
e-mail: bilim-qazyna@aktgoroo.kz

030002, город Актобе, ул.К.Сатпаева, 16 Б
e-mail: bilim-qazyna@aktgoroo.kz

25.08.25ж. № 1256

**Білім беру ұйымдарының
басшыларына!**

«BILIM QAZYNA» КММ-сі, «Ақтөбе облысының білім басқармасы»
ММ-нің 15.08.2025 жылғы №341 бұйрығын жұмыс үшін жолдайды.

Қосымша: бет

«BILIM QAZYNA» КММ
директоры



А.Сулейменова

☎ А.Оралбаева
☎ 87023761165

2.2. Меншік нысанына (мемлекеттік/жеке меншік) қарамастан білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру арқылы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру қамтамасыз етілсін.

2.3. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі ұйымдардың педагогикалық кеңесінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы таныстырылсын.

2.4. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ – нің бұйрығының №2 қосымшасы негізінде білім беру ұйымдарының 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары әзірленіп, бекітілсін.

2.5. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ – нің бұйрығы барлық білім беру ұйымдарының назарына жеткізілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды «BILIM QAZYNA» КММ-нің директоры А.Сулейменоваға және әдіскерлері А.Оралбаева мен Д.Куанышбаевқа жүктеймін.

**«Ақтөбе қаласының
білім бөлімі» ММ басшысы**



М.Косымбаева

БҰЙРЫҚ № 442/1.

Ақтөбе қаласы

29.08.2025ж

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын
2025-2026 оқу жылынан бастап мектепте енгізу туралы

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 15.08.2025 жылғы

№ 341 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025-2026 оқу жылынан бастап мектепте «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізілсін.

2. Бағдарламаны іске асыру бойынша келесі шаралар ұйымдастырылсын:

2.1. Мектептің педагогикалық кеңесінде:

2025 жылдың қыркүйек айында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы таныстырылсын
(жауапты: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Рашидқызы).

2.2. 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жоспары «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына
сәйкес әзірленіп, бекітілсін (жауапты: тәрбие жөніндегі орынбасарлар, сынып
жетекшілер).

3. Сынып жетекшілер:

Бағдарламаның негізгі мақсаттары мен міндеттерін оқушылар мен ата-аналар арасында
түсіндіру жұмыстарын жүргізісін.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында сынып сағаттары мен тәрбие шараларын өткізу
жоспарын жасауды қамтамасыз етсін.

4. Білім беру ұйымының психологтары мен әлеуметтік педагогтары:

Бағдарлама аясында оқушыларға әлеуметтік және психологиялық қолдау шараларын
ұйымдастырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасарларына Ә.Ә.Кобейсін мен Ж.Рашидқызына жүктелсін

Мектеп-гимназия директорының м.б.



М.Н.Ербозымова